

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1098 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2014 жылғы 16 қазандағы
№ 1098 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.10.2019 № 798 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың күшін жою көзделген - ҚР Үкіметінің 12.03.2026 № 166 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 45 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 1, 15-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану ережесінде:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ереже ерекше режим белгіленетін әскери, қорғалатын және басқа объектілерді (бұдан әрі — ерекше режим объектілері) жаңадан игерілетін (жайластырылатын, салынатын) аумақтарда орналастыруды жоспарлаған әрі орналастырған кезде, егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, қала құрылысы регламентациясының әдістерімен режимдік аумақтардың аймақтарын пайдаланудың тәртібін айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қорғалатын объектілерді елді мекендерде орналастыруға арналған режимдік аумақтардың аймақтары объектілердің сыртқы шекарасынан 100 метр арақашықтықпен шектелген, ал олардың шегінен тыс 1 километр жер учаскесі болып табылады.

Көрсетілген аумақтардың шегінде сәулет және қала құрылысы қызметін жүзеге асыру мен келісу тәртібі қарамағында аталған аумақ орналасқан жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен келісілген актісімен айқындалады."

4. "Мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен өзара іс-қимылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару жүзеге асырылатын басқару орталықтарының тізбесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 347 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 15, 187-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен өзара іс-қимылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару жүзеге асырылатын басқару орталықтарының тізбесінде:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Байланыс және ақпаратты техникалық қорғау департаментінің ведомстволық байланыс бөлімі."

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.09.2023 № 799 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.05.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. "Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель кәріздеріндегі арналар мен алаңдарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 514 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 19, 170-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель кәріздеріндегі арналар мен алаңдарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесінде:

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі,";

6-тармақ алып тасталсын.

9. "Әуе көлігімен тасымалданатын, оларға қатысты қарап тексеру жүргізілмейтін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының арнайы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1509 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген әуе көлігімен тасымалданатын, оларға қатысты қарап тексеру жүргізілмейтін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының арнайы тізбесінде:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы".

10. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 459-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасында:

26-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тыйым салынған аймақтар мен ұшуларды шектеу аймақтарының тізбесі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.";

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Адамдардың өмірін сақтап қалу және денсаулығын сақтау, қылмыстың алдын алу және оны ашу іс-шараларына байланысты ұшуды орындауды қоспағанда, белгіленген маршруттардан тыс елді мекендер үстімен ұшуды орындауды келісу ұлттық қауіпсіздік органдарымен және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен ұшу басталғанға дейін кемінде 3 тәулік бұрын жүргізіледі. Күзету іс-шараларын жүргізу кезеңінде әуе кемелерінің белгіленген маршруттардан тыс елді мекендер үстімен ұшуы ұлттық қауіпсіздік органдарымен және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен ұшу басталғанға дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын келісілді.";

58-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдаланушылар күзетілетін объектілер үстінен барлық пилотсыз ұшу аппараттарының, пилот қашықтықтан басқаратын әуе кемелерінің немесе басқарылатын аэростаттардың ұшуын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен осындай ұшу басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын келіседі."

11. "Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 625 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 524-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесінде:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы";

28-тармақ алып тасталсын;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:* — қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда адамдарға қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен келісім бойынша, ал Астана және Алматы қалаларының әуежайларында бұған қоса Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколымен келісім бойынша жүргізіледі."

12. "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 56, 800-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау қағидасында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерін тарта отырып күзетілетін адамдардың жұмысы мен тұрғылықты жерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.";

6-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ішкі істер органдарының бөлімшелерімен бірлесіп күзететін, Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының объектілері, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар объектілер;"

2) көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарда:

"Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар" деген 1-бөлімде:

1-тармақтың 6б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"66) бөлімшелер (бұдан әрі – бөлімшелер) – объектілерді мемлекеттік күзетуді қамтамасыз ететін Мемлекеттік күзет қызметін, Қарулы Күштерді, Ішкі істер министрлігін қамтиды."

13. "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 49, 675-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында:

16-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметін (Республикалық ұлан) жасақтау үшін жақсы дене дайындығы, жалпы орта білімінен төмен емес білімі бар әскерге шақырылушыларды басым тәртіппен іріктеу жүзеге асырылады;"

14. "Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 1213 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 71, 1038-құжат):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына және "Сыртқы барлау туралы" 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының

денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына және "Сыртқы барлау туралы" 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленді және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің немесе әскери қызметшісінің (бұдан әрі – қызметкерінің) денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, сондай-ақ қызметкердің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды өтеу тәртібі мен шарттарын айқындайды."

15. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2016 № 403 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1727 қаулысында (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 6, 137-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін айқындау, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру және тоқтату қағидаларында:

15-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте біржолғы тұрғын үй төлемдерін алу үшін тұрғын үйге мұқтаж мәртебесінде болу кезеңі ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және сыртқы барлау органының мекемелерінде өткеру кезеңінде тұрғын үйге мұқтаж деп танылған күннен бастап, ал аталған күнді белгілеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және сыртқы барлау органының мекемелерінде қызмет өткеру кезеңінде өзін тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы алғашқы баянат берілген күнінен бастап белгіленеді."

17. "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының мүліктерін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 16 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының мүліктерін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларында:

9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі (бұдан әрі – "Сырбар" СБҚ) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі (бұдан әрі – МКҚ) есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей пайдаланылмайтын мүлік туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (бұдан әрі – ҰҚК) жібереді.

10. Алынған мәліметтердің негізінде ҰҚК арнаулы мемлекеттік органдардың пайдаланылмайтын мүлікінің жалпы тізбесін жасайды және оны мүлікке қажеттілікті айқындау үшін Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға, "Сырбар" СБҚ және МКҚ-ға жібереді.

11. Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құралымдар, "Сырбар" СБҚ, МКҚ пайдаланылмайтын мүліктің жалпы тізбесін алғаннан кейін бір ай мерзімде ҰҚК-не мүлікке қажеттілік туралы немесе мұндай қажеттіліктің жоқтығы туралы бірінші басшы орынбасарының қолы қойылған жазбаша өтінім жібереді.

Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың, "Сырбар" СБҚ мен МКҚ-дан өтінімдер алынғаннан кейін арнаулы мемлекеттік органдардың пайдаланылмайтын мүлікінің түпкілікті тізбесі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісім бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрығымен бекітіледі (бұдан әрі – бекітілген тізбе).".

18. "Әскери қызметін өткеру кезеңінде әскери қызметші немесе әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектік белгіленген кезде немесе ол әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 868 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 50, 708-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери қызметін өткеру кезеңінде әскери қызметші немесе әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектік белгіленген кезде немесе ол әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде әскери қызметте тұратын немесе әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі;"

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде әскери қызметте тұратын немесе әскери қызмет өткерген әскери қызметшілер бойынша – қызмет орны бойынша жауапты құрылымдық бөлімшелерге;"

19. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.04.2021 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 734 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 733 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК